**Бекітемін:** ____________

**№6 Шұбарқұдық негізгі орта мектебінің**

**директоры: Г.А.Адаев**

**31.08.2022 жыл**

***"№6 Шұбарқұдық негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің***

***2022– 2023 оқу жылына арналған***

***Тәрбие жұмысының жоспары***




**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: С.Қ.Максимова**

Сканировано с CamScanner

Білім және ғылым министрінің
16.09.2021жылғы № 472

**"№6 Шұбаркұдық *негізгі орта мектебі* " коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023оқу жылына арналған тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері**

**Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты**: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Сканировано с CamScanner

## III Бағыт: Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

**Міндеттері:**

- этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке;
- мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне;
- өз халқының мәдени мұрасына;
  - қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
- Қазақстанның этномәдениетіне;
- этносаралық бейбітшілік пен келісімге **мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.**

## IV Бағыт: Отбасы тәрбиесі

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.
**Міндеттері:**

- этноәлеуметтік рөлдерге;
- өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға;
- адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

## V Бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

**Міндеттері:**

- мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;
- экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне;
- «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне;
- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;
- кәсіби білім мен өнімді еңбекке;
- нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру;
- экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға;
- еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге;
- мамандық таңдауына;
- үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

Сканировано с CamScanner

**Міндеттерді іске асыру үшін жоспар 8 негізгі бағытқа бөлінген:**

**I Бағыт: Рухани жаңғыру " патриоттық бағдарламасы аясында қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру"**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптастыру; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайындығы

**Міндеттері:**

- Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
- ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;
- елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;
- өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
- басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
- өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
- құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына;
- заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;
- әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

**II Бағыт: Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;
- өзінің қасиетіне, арына және парызына;
- ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;
- өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына;
- діни құндылықтарға;
- ой, сөз және іс бірлігіне;
- өзінің мінез-құлқын жетілдіруге;
- ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
- түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне;
- адамдарға риясыз қызмет етуіне;
- өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім

білдіру.

Сканировано с CamScanner

## VI Бағыт: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- өмір бойы білім алуына;
- өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;
- сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;
- зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;
- пікірталас жүргізу дағдыларына;
- жасампаз қызметке;
- топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға;
- ақпарат көздерін сыни іріктеуге;
- Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;
- Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;
- Интернет-сауаттылық қалыптастыруға;
- ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға;

жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға **ұмтылу және қызығушылық білдіру.**

## VII Бағыт: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

**Мақсаты**: тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

**Міндеті:**

- толеранттық және ғаламдық пікірге;
- көпмәдениеттілік және көптілділікке;
- мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу;
- мәдениетаралық әрекетке;
- қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына;
- қарым-қатынас мәдениетіне;
- эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына;
- шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға **қызығушылық, ұмтылыс таныту.**

Сканировано с CamScanner

**VIII Бағыт: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Міндеті:**

- денсаулық жағдайының скринингіне;
- әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге;
- теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге;
- табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;
- денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа;
- өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа;
- қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;
- денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.

Сканировано с CamScanner

## Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

- ✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/.

Сканировано с CamScanner

**Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты − Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Сканировано с CamScanner

**2022- 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары**

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **I.** | **Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | | |
| 1 | Тәрбие жұмысының қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттаманы зерделеу | Нормативтік-құқықтық база | ДТІЖО | тамыз |
| 2 | Мектептегі тәрбие жұмысының қызметі бойынша нормативтік-құқықтық база әдістемелік сағаты | Хаттама | ДТІЖО | 02.09.2022ж. |
| **II.** | **Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету** | | | |
| 1 | Тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылына арналған жоспарын жасау және бекіту | Бекітілген жұмыс жоспары | ДТІЖО | тамыз |
| 2 | Тәрбие жұмысының жоспарын құру бойынша сынып жетекшілеріне кеңес беру | Топтағы жұмыс жоспары | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі | 31.08-4.09.2022ж. |
| 3 | Тәрбие жұмысы бойынша құжаттаманы жүргізу | Сынып жетекшінің құжаттамасы | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі<br>Сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 4 | Сыныптың әлеуметтік картасын жасау | Әлеуметтік карта | Сынып жетекшілер<br>Әлеуметтік педагог | 5-10.09.2022ж. |
| 5 | «Тәуекел тобындағылармен» сауалнама жүргізу | Сауалнама талдауы | Психолог | 12-16.09.2022ж. |
| 6 | Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігін сайлау | Хаттама | ДТІЖО | Жоспар сәйкес |
| 7 | Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту | Хаттама | Қамқоршылық кеңес төрағасы | Жоспар сәйкес |

Сканировано с CamScanner

## III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

**1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**
**Мақсаты:** балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ:** «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және патриотизм» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізу, салтанатты жиын | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | А.Сисенбаева<br>И.Жұманова<br>Ә.Көптлеуова | 1 қыркүйек |
| 2 | **«ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА – ҚАУЫМҒА ПАНА»ЖОБАСЫ:**<br><br>«Абайлаңыз, балалар!» акциясы | Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау | ДТІЖО<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Мектеп инспекторы<br>А.Сисенбаева<br>Ә.Көптлеуова | 5-12 қыркүйек |
| 3 | **«АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ:**<br>«Адал ұрпақ» клубы, оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары:<br>- «Жас Ұлан» ұйымы;<br>- Мектеп Парламенті;<br>- Қоғамға қызмет құрамын сайлау | Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау. | ДТІЖО<br>Ұйымдастырушы педагог<br>Аға тәлімгер<br>АӘД жетекшісі | 20 қыркүйек |
| 4 | **«ШАҢЫРАҚ» ДЕБАТ ЖОБАСЫ:**<br>«Мен дебатермын» челлендж | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Дебат жетекшісі<br>Нұрмағанбетова | қыркүйек |
| 5 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ»**<br>«Басса-Дарки сауалнамасы<br>Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама 6- 9 класс<br>Керн-Йерасек (Мектепке дайындығын анықтау) 1-сынып | Базаға енгізу | Мектеп психологы<br>И.Жұманова | қыркүйек |
| 6 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:**<br>Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына «А.Байтұрсынов – қазақ тілтану ғылымының атасы» Слайд байқауы (7,8,9 сынып) | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы<br>Д.Беркалина | қыркүйек |
| 7 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:**<br>«Парасат азамат» бұрышын ұйымдастыру | Бұрыш жасақталу | Тәлімгер М.Мухашева | қыркүйек |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Мектептегі бала құқығы» түсіндірме жұмысы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог А.Мынбаева | қазан |
| | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** 25 қазан Республика күніне арналған библиографиялық шолу | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | қазан |
| | Республика күніне орай апталық | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | С.Максимова Сынып жетекшілер | қазан |
| 0 | **«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ:** «Құқығым бар» семинар-тренингі | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Тәлімгер М.Мухашева | қараша |
| .1 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** «Елін бастаған елбасы » Кітап көрмесі | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | желтоқсан |
| .2 | «Жас Қыран» «Жас Ұлан»қатарына қабылдау «Тәуелсіз елдің ұланымын» салтанатты жиын | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Тәлімгер М.Мухашева | желтоқсан |
| 13 | «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім» апталык | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | ДТІЖО Сынып жетекшілер | желтоқсан |
| 14 | «Бала құқығы –асыл қазына» | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог А.Мынбаева | желтоқсан |
| 15 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:** «Жемқорлықсыз болашақ!» Сурет байқауы 5-9 | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Тәлімгер М.Мухашева | ақпан |
| 16 | **«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ:** «Балалардың құқықтарын қорғау» тақырыбында кездесу | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Тәлімгер М.Мухашева | ақпан |
| 17 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:**«Сыбайдьлас жемқорлыққа бәріміз қарсымыз» Бейнеролик | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | М.Мухашева Клуб мүшелері | сәуір |
| 18 | «Ынтымағы жарасқан, туған елім – Қазақстан!» мүшелікке қабылдау | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | М.Мухашева Клуб мүшелері | сәуір |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | 7 мамыр Отан қорғаушылар күні.Мерекелік шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Сынып жетекшілер | мамыр |
| 20 | 9 мамыр Жеңіс күні. «Ерен ерліктері есімізде» Мерекелік шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Сынып жетекшілер | мамыр |
| 21 | Соңғы қоңырау. Салтанатты жиын | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | М.Мухашева Клуб мүшелері | мамыр |
| **2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие**<br>**Мақсаты:** жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру. | | | | |
| 1 | **ӘЛЕУМЕТТІК ЕРІКТІЛЕР ЖОБАСЫ:** «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Әлеуметтік педагог А.Мынбаева | Тамыз-қыркүйек |
| 2 | Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына 150 жыл толуына орай апталық | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | С.Максимова Сынып жетекшілер | қыркүйек |
| 3 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** М.Әуезов 125 жылдығы .М.Әуезовтың кітаптар жинағымен таныстыру. Танымдық сабақ | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | қыркүйек |
| 4 | «Ұстаз мектептің жүрегі» мерекелік шара 1-9 сынып | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Б.Ұлықпанова Н.Мейірманова А.Сағындықов | қазан |
| 5 | «Дублер күні» | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | С.Максимова А.Жұмабаева М.Мукашева | қазан |
| 6 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ»**<br>Стот әдістемесі(ЕНТБ) моб.топқа бақылау Әлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау 1-9 сынып<br><br>Социометрия (Дж.Морено) Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме 5-9 сынып | Базаға енгізу | Мектеп психологы И.Жұманова | қараша |
| 7 | «Атам-асыл ардағым,әжем-әсем әлемім» Қарттар күніне бейнеқұттықтау | әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер, ұйым мүшелері | қазан |
| 8 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:**<br>1 қазан қарттар күніне «Мейірімділік-жүрек жұмсартар» акция | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | қазан |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»**<br>«Құпия дос» акциясы» | Анықтама, фотоесеп | Мектеп психологы<br>И.Жұманова | қараша |
| 10 | **«ШАҢЫРАҚ» ДЕБАТ ЖОБАСЫ:**<br>«Ең үздік көшбасшы» | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Дебат жетекшісі<br>Нұрмағанбетова | желтоқсан |
| 11 | «Қош келдің , Жаңа жыл!» мерекелік шара<br>Даярлық, шағын орталық<br>1-2 кл 3-4 кл<br>5-6 кл 7-9 кл | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер | желтоқсан |
| 12 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:**<br>«Ой тазалығы-жан тазалығы» Дебат 8-9 | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | наурыз |
| 13 | **«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ:**<br>«Балалар бастауы» байқауы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | наурыз |
| 14 | «Мен тұлғамын»дөңгелек үстел | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог<br>А.Мынбаева | наурыз |
| 15 | Алғыс айту күні . «Алғыс айту - парызымыз» мерекелік шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер | наурыз |

**3. Бағыты: ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ұлттық валюта -теңге» сынып сағаттары | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Н.Алчурина | қараша |
| 2 | «Бала құқығы –асыл қазына» | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог<br>А.Мынбаева | желтоқсан |
| 3 | «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» мерекелік шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | С.Максимова<br>Сынып жетекшілері | наурыз |
| 4 | «14 наурыз - Көрісу мейрамы, амал мерекесі» сынып сағаттары | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Сынып жетекшілері | наурыз |
| 5 | «Өмір құндылығы» тренинг | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог<br>А.Мынбаева | сәуір |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4. Бағыты: Отбасылық тәрбие**<br>**Мақсаты:** неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. | | | | |
| 1 | **ӘЛЕУМЕТТІК ЕРІКТІЛЕР ЖОБАСЫ:**<br>Мектептің әлеуметтік паспортын жасау | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Әлеуметтік педагог А.Мынбаева | Тамыз-қыркүйек |
| 2 | **«ОТБАСЫ – ОРТА МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:**<br>- Аналар мектебі<br>- Әкелер мектебі<br>- Қыздар клубы<br>- Ұлдар клубы<br>Жалпы ата-аналар жиналысы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау Хаттама | ДТІЖО | қыркүйек |
| 3 | **«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ:**<br>Дүниежүзілік балалар күніне арналған дөңгелек үстел | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | желтоқсан |
| 4 | «Отбасылық қарым-қатынас» эссе жазу | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог А.Мынбаева | желтоқсан |
| 5 | "Ана деген тіршіліктің тірегі" мерекелік шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер | наурыз |
| 6 | 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні.Апталық | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Сынып жетекшілер С.Максимова | мамыр |
| **5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялықтәрбие**<br>**Мақсаты:** кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік. | | | | |
| 1 | «Өз ағашыңды отырғыз» акциясы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева ұйым мүшелері | Қыркүйек |
| 2 | «Табиғатты қорғау-болашақты ойлау» қабырға газетін шығару | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер,сынып жетекші | қараша |
| 3 | «Құсқа арналған үй» ұя жасау | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер,сынып жетекші | сәуір |
| 4 | Талғат Бегелдиновтың туғанына 100 жыл толуына орай « Ғарышкерлер күні» сынып сағаттары | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | сынып жетекші | сәуір |

Сканировано с CamScanner

**6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**
**Мақсаты:** әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«ШАҢЫРАҚ» ДЕБАТ ЖОБАСЫ:** Пиар акция | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Дебат жетекшісі Нұрмағанбетова | қыркүйек |
| 2 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»**« Менің есімім» жаттығулары Топтық тренинг | Базаға енгізу | Мектеп психологы И.Жұманова | қыркүйек |
| 3 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** «Мен оқимын сенде оқы» Аудандық кітапханаға саяхат 1-4<br><br>«Ақын боламын өскенде» Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (өлең жазуға дайындық) | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | қазан |
| 4 | **«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР» ЖОБАСЫ:** Театр мамандарымен танысу,танымдық шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Жетекшісі І.Тұрғанова | қараша |
| 5 | «Қауіпсіз интернет» апталық | Фото есеп, әлеуметтік желіде жарияла | А.Мыңбаева | қараша |
| 6 | **«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР» ЖОБАСЫ:** Театр әлемі (көрген немесе қатысқан спектакльдері туралы пікір-шығармалар мектеп сайттарына мақала) | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Жетекшісі І.Тұрғанова | желтоқсан |
| 7 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:** «Жемқорлықпен күресу,басты міндетіміз! » Пікірталас сабағы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | желтоқсан |
| 8 | Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына байланысты сынып сағаттары | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Сынып жетекшілер | қаңтар |
| 9 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»** « «Емтихан» іскерлік ойын | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Мектеп психологы И.Жұманова | ақпан |
| 10 | **«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР» ЖОБАСЫ:** «Театр итикеті» театрларға виртуалды экскурсия | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Жетекшісі І.Тұрғанова | наурыз |
| 11 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** Сүйікті кітабыммен селфи | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | сәуір |

Сканировано с CamScanner

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

**Мақсаты:** Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«АДАЛ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ:** «Адал жол-адал ұрпақ бастауы» сынып сағаттары | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева Сынып жетекшілер | қараша |
| 2 | «Қастерлі тұлға-Мұғалім!» (құттықтаулар) | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | қазан |
| 3 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»** « Психологиялық акция «Із кесуші акциясы | Анықтама, фото-есеп | Мектеп психологы И.Жұманова | қазан |
| 4 | **«Арайлы алтын күз»**<br>Ертеңгілік 1-4 класс оқушылары<br>Сайыс 5-6 класс оқушылары<br>Балл 7-9 класс оқушылары | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Ж.Сейлханова А.Мыңбаева Н.Алчурина | қазан |
| 5 | **«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР» ЖОБАСЫ:** Театрлық қойылымдарға бару | Ой бөлісу | Жетекшісі І.Тұрғанова | Жыл бойы |
| 6 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»** «Сөмкесіз бір күн» 3-9 сынып | Анықтама, фото-есеп | Мектеп психологы И.Жұманова | қараша |
| 7 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** «Менен сізге құрмет» кітап сыйлау акциясы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | қараша |
| 8 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** «Оқу сағаты» 5-20 минутқа оқу | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | желтоқсан |
| 9 | **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:**<br>«Ең көп оқитын сынып!»<br>«Сыныптың үздік оқырманы!»<br>«Кітап оқитын ата -аналар,кітап оқитын бала» | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Кітапханашы Д.Беркалина | қаңтар |
| 10 | «Мен және дінге көзқарасым» 7-9 сауалнама | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау, анықтама | Әлеуметтік педагог А.Мынбаева | ақпан |
| 11 | «Еңбекпен есейген өрендер»Жас Қырандықтар арасында қолөнер байқауы | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер М.Мухашева | ақпан |
| 12 | «Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан!» мерекелік шара | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Н.Алчурина | мамыр |

Сканировано с CamScanner

**8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Басқа бағыттар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» эстафета жарысы | Анықтама, фото-есеп | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Куптлеуова | қазан |
| 2 | «Спорт – көркі өмірдің» волейбол жарысы (оқушы, ата-ана, мұғалім) | Анықтама, фото-есеп | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Куптлеуова | қазан |
| 3 | «Шынықсаң шымыр боларсың» оқушылар арасында волейбол жарысы | Анықтама, фото-есеп | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Куптлеуова | қазан |
| 4 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»** Тимбилдинг. Пен кадр | Анықтама, фото-есеп | Мектеп психологы И.Жұманова | қазан |
| 5 | **«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ»** Гудманға түзету жаттығулары 5-7 сынып<br><br>«Көңілді үзіліс» | Анықтама, фото-есеп | Мектеп психологы И.Жұманова | қараша |
| 6 | «Салауатты –өмір слты» сынып сағаттары | Анықтама, әлеуметтік желіде жариялау фото-есеп | Ж.Сейлханова Ә.Куптлеуова | қараша |
| 7 | «Спид-ғасыр індеті» 1 желтоқсан-Дүниежүзілік ЖҚТБ-қа қарсы күрес күні Медбикемен әңгіме жүргізу | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер, медбике | желтоқсан |
| 8 | Жас Ұлан ұйымының арасында шаңғыдан спорттық жарыс | Фото есеп, әлеуметтік желіде жариялау | Тәлімгер, ұйым мүшелері | қаңтар |

Сканировано с CamScanner

17 (он жеті ) бет түптеліп,
қол қойылып,
мөрмен куәландырылды.

№ 6 Шұбарқұдық негізгі орта
мектебінің директоры:
Г.А.Адаев

Сканировано с CamScanner